

§20. Жер қыртысын түзетін тау жыныстары

1. Тау жыныстарын құрайтын заттар – **минералдар**
2. Жер қабатын құрайтын барлық тау жыныстары тегіне қарай бөлінеді – 3 топқа (**магмалық, шөгінді және метаморфтық тау жыныстары**)
3. Жер астынан балқып шыққан заттардан пайда болған тау жыныстары – **магмалық тау жыныстар**
4. Магмалық жыныстардың ішінде көп таралғандары – **базальт пен гранит**
5. Жер қыртысының бетінде су, жел, мұздық, т.б. сыртқы күштер әсерінен пайда болған жыныстар – **шөгінді тау жыныстары**
6. Шөгінді тау жыныстары бөлінеді – 3-ке (**кесек, химиялық, органикалық**)
7. Үгітілген кесектер сумен ағып немесе желмен ұшып көл, теңіз, т.б. су түбіне жиналған тұнба жыныстар – **кесек шөгінділер**
8. Суға түрлі заттар араласып, ериді. Теңіз немесе көл тартылғанда олар тұнып, жер қабатына қосылатын жыныстар – **химиялық шөгінділер**
9. Судағы және құрлықтағы өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары – **органикалық шөгінділер**
10. Шөгінді жыныстар – **күмтас, бор, әктас**
11. Температура мен қысымның әсеріне ұшырап, өзінің бастапқы қалпынан айырылған жыныстар – **метаморфтық тау жыныстары**
12. Метаморфтық жыныстар – **мәрмәр, кварцит, кристалды тақтатаас**

§21. Жер қыртысының қозғалысы. Жер сілкіну

1. Жер қыртысы мен жоғарғы мантиядағы кенет ығысу және ыдыраулардың әсерінен туатын жер асты дүмпулері – **Жер сілкіну**
2. Алматы қаласында ірі жер сілкінісі болған жыл – **1887**
3. Жер сілкінудің күші өлшенетін балдық шкала – **12**
4. Жер сілкіну жиі қайталанып тұратын аймақтар – **сейсмикалық аймақтар**
5. Жер шарындағы басты жер сілкіну белдеулері – **Альпі-Гималай, Тынық мұхит белдеулері**
6. Жер қыртысының қозғалысын зерттейтін аспап – **сейсмограф**
7. Жер сілкінуді зерттейтін ғылым – **сейсмология**

§22. Жанартаулар, ыстық бұлақтар, гейзерлер

1. Жанартау кратерінен жер бетіне төгілген зат – **Лава**
2. Жанартаудың төбесінде пайда болған шұңқыр – **Кратер**
3. Ежелгі Помпей қаласын басып қалған жанартау – **Везувий**